



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7M02301 – Филология

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Іргелі ғылыми немесе кәсіби дайындығы бар, заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген, филология саласындағы мамандандырылған біліммен қамтамасыз етілген білім беру магистрлерін даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

- оқу (педагогикалық);
- эксперименттік зерттеу;
- ақпарат және коммуникация;

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1- білім беру философиясының әдіснамалық негіздерін, ғылыми-зерттеу әдістерін *талдап, тұжырымдайды*, ғылыми зерттеулеріне *енгізіп, қолданады*;

ОН2 - филология саласындағы қазіргі ғылыми парадигмаларды *талдай алады*; ғылыми болжамдарды *ұсына алады* және олар дәйекті түрде дәлеледеп *қорғай алады*;

ОН3-педагогиканың негізгі категорияларын және басқару психологиясындағы жаңа тәсілдерді *түсінеді*;

ОН4 -филологиялық зерттеулердің әдіснамалық принциптері мен әдістерін *талдайды*; филологиялық зерттеу жүргізудегі методологиялық ұстанымдар мен методикалық тәсілдерді, филологиядағы әртүрлі функционалдық іргелі ғылыми еңбектерді өзінің негізгі білім жүйесіне енгізіп, жүйелі филологиялық білімді *қалыптастыра алады*;

ОН5-зерттеу бағыты бойынша жазылған ғылыми еңбектердің құрылымын *талдай алады*;

ОН6- филологиялық зерттеулердің қазіргі жай-күйін *синтездейді*: парадигмалар мен тіл үйренудің өзекті мәселелерін шешудің жаңа тәсілдерін *ұсына алады*;

ОН7-тіл білімі мен әдебиеттанудыңғылыми бағыттарын *талдайды және бағалайды*;соңғы технологиялар, идеялар, бағыттардың кең спектрін басшылыққа алады және оларды педагогикалық қызметінде *пайдалана алады*;

ОН8-қазақ филологиясының жаңа бағыттарының заңдылықтарын *талдай және пайдалана алады*.

ОН9 - жоғары оқу орнында тіл мен әдебиет пәндері бойынша сабақ өткізу кезінде кәсіби білім мен іскерлікті пайдалану, педагогикалық қызмет және оны ұйымдастыру барысында туындайтын дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді *шеше алады*; жоғары оқу орнында филология пәндері бойынша сабақтар өткізуде озық мамандандырылған кәсіби білімдер мен дағдыларды *қолдана алады*.